

ҒТАХР 17.07

Д. Қыстаубаева¹, Б.М. Сұлтанова¹

¹Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ ПЬЕСАЛАРЫНДАҒЫ ДИАЛОГТИҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Тілдің қалыптасуы күрделі құбылыс. Тіл дыбыстарға еліктеу немесе ым-ишара арқылы күннен-күнге даму сатыларынан өтіп пайда болған. Жалпы тілдің қалыптасу процесін «глоттогенез» деп атайды. Тіл қарым – қатынас құралы болса, ал қарым-қатынас мәселесі диалогқа келіп тіреледі. Қарым-қатынас жөнінде А.Хараш мынадай пікір білдіреді: «Басқа адаммен қарым-қатынас жасау дегеніміз – бұл оның өміріне ену, оның қоғамдық болмысына ...оның санасына кірісу, оның психологиялық белсенділігінің шеңберіне тартылу болып табылады».

Кілт сөздер: Айтыс, диалог, тілдің қалыптасуы, диалогиялық байланыс.

Аннотация. В статье представлен «айтыс» как вид искусства повседневных неформальных диалогов, диалога фольклора и публицистического диалога соответственно. В статье рассматривается влияние айтыса на публицистический диалог, их взаимная интеграция и взаимовлияние. Развитие языка – очень сложное явление. Язык возникает через звуки, проходит определенные стадии развития каждый день. Процесс общего развития языка называется «глотогенезом». Язык - это средство коммуникации, а диалог – это вид общения. О взаимоотношениях между людьми Хараш говорит следующее: «Взаимодействие с другим человеком - это участие в его жизни, познание его социальной природы ... проникновение в его сознание и вовлечение в его психологическую деятельность».

Ключевые слова: беседа, диалог, развитие языка, общение, искусство.

Abstract. The article presents «aitys» as a kind of art of everyday informal dialogues, dialogue of folklore and journalistic dialogue, respectively. The article considers the influence of aitys on the journalistic dialogue, their

mutual integration and mutual influence. Language development is a very complex phenomenon. Language arises through sounds, passes through certain stages of development every day. The process of the general development of language is called «glotogenesis». Language is a means of communication, and dialogue is a form of communication. On the relationship between people, Kharash says: «Interaction with another person is participation in his life, knowledge of his social nature ... penetration into his consciousness and involvement in his psychological activity». Dialogue - (gr. Διάλογος) is a unique form of spoken language that two or more people spend in conversations. Dialogue is a form of progressive development that is realized by the cognitive method in science, which leads to the emergence of different, but not competing views, attitudes and opinions. In the process of dialogue, each participant receives new knowledge, develops, enriches and perfects himself.

Key words: conversations, dialogue, language development, communication, art.

Диалог – (гр. διάλογος) екі не бірнеше адамның кезектесіп сөйлесуі арқылы берілетін ауызекі тілдегі ерекше форма. Диалог - ғылымда танымдық процестің іздеген нәтижеге әр түрлі, бірақ бір-бірімен жарыспайтын көзқарастар, қатынастар, бағыттардың өзара байланысы жолымен жүзеге асырылатын прогрессивтік дамуының түрі ретінде көрінеді. Диалогиялық байланыс процесс диалогтің бір жағы ғана басқаның көзқарасын игеріп қоймайды, сонымен бірге өзінін идеяларымен дамытады және байытады, оны анықтайды, түзейді, жақсартады.

Диалог – екі адам арасындағы сөйлеу әрекеті (егер сөйлеушілер екеуден көп болса онда полилог деп аталады). Монологтан айырмашылығы диалогта сөйлеумен қатар тыңдау механизмдері қатар жүреді.

Диалогта келесі айтылғандар орын алады:

- Фразаларды, сөйлемдерді аяқтамау;
- Сөздің орнына қимыл, жест, мимика қолдану;
- Тек қана ауызекі сөйлеу барысында қолданылатын сөздерді қолдану.

1974 жылы жарық көрген «Әдебиеттану. Терминдер сөздігінде» диалогқа тек анықтама беріліп қоймай, оның әдебиеттің (орыс әдебиеті) барлық жанрларында да осы көркемдік құралдың көрініс табатындығы айтылған. «Диалог – ауызша сөйлеу түрі, екі немесе бірнеше адамдар арасындағы әңгіме» делініп, әр жанрдағы диалогтың атқаратын қызметі жеке-жеке айтылады. Орыс тіл білімі ғылымында диалог талданып, біздіңше жете зерттеліп қана қоймай, көркем диалог үлгілерінің

типологиясы да жасалған. Мысалы, белгілі тілші-ғалым Е.М.Галкин – Федорук еңбегінде диалогтың екі түрі аталған:

- 1) диалог – қайшылық (противоречие);
- 2) диалог – жинақтау (синтез).

Ал, белгілі ғалым А. К. Соловьева еңбектерінде диалогтың мынадай бірнеше түрлері берілген:

- 1) диалог – тартыс (спор)
- 2) диалог – дау (ссора)
- 3) диалог – түсінісу, ұғынысу (понимания)
- 4) диалог – үндестік (унисон)

Әдебиетші-ғалым А.В. Чичерин болса, диалогтың басқа типологиясын береді. Ол «диалогтың көркем формасы – авторлық ойдың дамуы, күрделі трагедиялық, қарама-қарсы көзқарастардың тоғыспауы, шындық болмыстың толық терең біліммен қаруланған автор ойының дамуынан шығады» дей келе, диалогтың (Достоевский романы бойынша) төрт түрін атап көрсетеді:

- 1) диалог – тергеу (допрос);
- 2) диалог – сыр (исповедь);
- 3) диалог – түсінісу, ұғынысу (понимание);
- 4) махаббатдиалогы (любовный диалог).

К.Мегаева жекелеген шығарма бойынша (Ф.М. Достоевскийдің «Бесы» романы) диалогты төмендегіше жіктеген:

- 1) диалог – өсиет (исповедальный);
- 2) диалог – жекпе-жек, тартыс (поединок);
- 3) аралас диалог (диалог – насихат, диалог – тартыс, ішкі монолог элементтері кіреді).

Н. Ю. Шведова болса, диалог үлгілерін төмендегідей үш топқа бөліп қарастырады:

- 1) жұп диалог (парный диалог);
- 2) жарыспалы диалог (параллельный диалог);
- 3) полилог;

Ғалым диалог типологиясын бере отырып, диалогтық бірлік мәселесін көтерген.

Орыс тіл білімі ғалымдарының типологиясы негізінде жас ғалым Г.С.Иманғалиева «Типология диалога» (На материале казахского и рус.яз.) атты кандидаттық зерттеу жұмысында төмендегідей көптеген диалог түрлерін атап көрсеткен: диалог – сұхбат, диалог – тергеу, хабарлама диалог, диалог – түсінісу, диалог – тартыс, диалог – дау, диалог – қайшылық, диалог – ой-талқы, диалог – өтініш, диалог – ұсыныс, диалог – ой-түрткі, диалог – үндестік, диалог – жинақтау, диалог – сәлемдесу, диалог – қоштасу.

Бұл айтылған жайлар орыс тіл ғылымы мен әдебиетіндегі диалогтың зерттелу жайынан хабардар етсе, өзге тіл білімі мен әдебиеттану ғылымында да диалогтың зерттелу жайы назардан тыс қалмаған.

Көркем туындыдағы кейіпкердің өзара тілдік қатынасының негізгі формасы, сөз жоқ, диалог болып табылады. Прозалық туындының үлкен бір бөлігі болып табылатын көркем диалог айқын түрде белгілі бір құрылымдарға бөлініп, өзіндік шекарасы болатындығы жайлы тұжырым осы орыс тіл білімі ғылымында қарастырылған. Көркем диалог құрылымының ауызекі диалог құрылымынан айырмашылығы байланыс, анықталған аралық және берілген диалогтың мақсат – бағдарына байланысты екендігі де айтылады.

«Көркем диалог – бұл адамдардың тілдік қолданыс шеңберін айқын береді. Көркем диалогтың тілдік құрылымы, бір жағынан, типтендіру қызметін атқарса, екінші жағынан, маңызды стильдік қызмет атқарады». Көркем проза жүйесіндегі диалогқа тиісті үлес, салмақ та зор. Егер драмада ол теңдесі жоқ қажеттіліктен туса, прозада оны түрлі авторлық баяндау тәсілдерімен алмастыруға болар еді.

Бірақ мұндай біркелкі баяндау тәсілі өмір заңдылықтарына сәйкес келмейтіндігі белгілі. Әдебиет зерттеушісі Қ.Әбдешұлы диалогтың көркем шығармадағы атқаратын қызметі жайында айта келіп, «бірде диалог арқылы кейіпкер мінезін іштен ашып, алдымызға салса, бірде диалог арқылы қаламгер оқиға желісін ширата, ширықтыра түсетіндігі» жайлы ой түйіндейді. Белгілі зерттеуші Ә.Байтанаев та көркем шығармадағы диалогқа үлкен жүк артады. Ғалым «Шын шеберлік» атты (1969) еңбегінде өз ойын: «Диалог өз қызметін атқармаса, онда оны қолданудың қажеті жоқ, ал оның қызметі айтылып келе жатқан мәнінен тыс, соған қосымша мән әкелуі қажет» деп тұжырымдайды.

Қазақ әдебиеттану ғылымында диалогтың нақты жіктемесі берілмеген. Енді біз жазушы, дараматург Сұлтанәлі Балғабаевтың шығармаларын - дағы диалог жайына тоқталамыз.

Сұлтанәлі Балғабаев – ұлттық драматургиямызды дамытуға үлес қосып жүрген талантты драматургтердің бірі Сұлтанәлі Балғабаевтың «Біз де ғашық болғанбыз» атты шығармалар жинағында «Анау мен Мынау» шығармасында Анау деген інісінің Мынау деген атасының туған күнінде сөз сөйлеп тұрғаны суреттеледі.

- Мен Мікеңнің... Мынау ағаның азаматтығы туралы айтқым келеді,- деп басталады да әңгіме әрі қарай ағасын асыра мақтаумен өрбиді.

- Мікеңнің азаматтығы бүкіл жанынан, болмысынан байқалады, - деп Анау саусағын шошайтып қойды. Мынауның тұла бойынан ып – ыстық от жүгіріп өткендей болды.

- А-а, солай ма?! – деп қопаңдап, үсті – басын түзегіштеп қалды.

– Сіздей адам енді қайтіп тумайтын шығар?! Қалай ойлайсыз, тумайтын шығар, а?! Бұл сұрақ Мікенді мүлде тұралатып кетті... – Ай-й, қайдан тусын?! Тумайды ғой... тумайды, - деді сұмдық күйзеліп. Қан қысымы бұрынғыдан да көтеріліп, көз алды қарауытып бара жатты.

Жазушы бұл шығармасында диалогты кейіпкер мінезін, рухани дүниесін ашуда құрал ретінде пайдаланған. Және бұл қолданысты автор жақсы орынды қолдану арқылы шығармасын қызықты да, сәтті жазған. Орыс тіл білімі ғалымдарының типологиясы негізінде жас ғалым Г.С.Иманғалиева «Типология диалога» (На материале казахского и рус.яз.) атты кандидаттық зерттеу жұмысында диалог түрлерін атап көрсеткендей: диалог – түсінісу, диалог – қайшылық, диалог – ой-талқы, диалог – өтініш, диалог – ой-түрткі, міне осы диалог түрлері «Анау мен Мынау» шығармасында бір – бірімен үндестік тапқан. Қ.Әбдікова Ж.Аймауытов шығармашылығын қарастырған кандидаттық диссертация – сында «романдағы («Ақбілек») характер сомдаудың, оны даралаудың тәсілдерінің бірі – диалог» деп баға берген. Міне, «Анау мен Мынау» пьесасындағы Мынау мінезі де диалогпен ашылған.

«Біз де ғашық болғанбыз» пьесасы махаббат диалогына құрылып жазылған. Бұл шығармада диалог тартысқа да құрылған. Зияда, Сарман, Айжан, Дәукен атты кейіпкерлердің тоғысқан тағдырлары. Дәукен мен Айжанның, Зияда мен Сарманның мінездері де диалогтар арқылы жақсы көрсетілген. Бұл шығармасында диалогтың диалог – сұхбат, диалог – тергеу, хабарлама диалог, диалог – түсінісу, диалог – тартыс, диалог – дау, диалог – қайшылық, диалог – ой-талқы, диалог – өтініш, диалог – ұсыныс, диалог – ой-түрткі, диалог – үндестік, диалог – жинақтау, диалог – сәлемдесу, диалог – қоштасу сынды барлық түрлері кездеседі. Көбіне бір сөзбен қорытындылап шығарманы тартысқа толы махаббат диалогы деп атасақ болады.

Қорытындылай келе Сұлтанәлі Балғабаевтың еңбектерінің барлығы дерлік диалогқа құрылған. Қызықты да тартысқа толы шығармалары жазушының диалог қолданысының ерекше, өзіндік стилін танытады. Диалогтың барлық түрі әр шығармасында бір – бірімен үндесіп, үйлесімін тапқан.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Балғабаев С. Біз де ғашық болғанбыз. – Алматы: Ана тілі, 2006. – 271 б.
2. Қазақстан жазушылары (Анықтамалық) / Құрастарушылар С.Қамшыгер, Қ. Жұмашева. – Алматы: Ан-Арыс, 2009.